

**"Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 24 ақпандағы № 81 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 3-4, 14-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесінде:

"Инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесі" деген бөлімде:

мына:

"

Бөлім	Бөлімнің атауы	Топ	Топтың атауы	Сынып	Сыныптың атауы
-------	----------------	-----	--------------	-------	----------------

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

07****	Металл кендерін өндіру	07.1	Темір кенін өндіру	07.10.3	Темір кенін байыту және агломерациялау
--------	------------------------	------	--------------------	---------	--

";

мына:

"

19	Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19.2	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19.20	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру
----	--	------	------------------------------	-------	------------------------------

"

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

19	Кокс және мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19.1	Кокс пештері өнімдерін өндіру	19.10	Кокс пештері өнімдерін өндіру
		19.2	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру	19.20	Мұнай өңдеу өнімдерін өндіру

";

мына:

"

30	Өзге де көлік құралдарын өндіру	30.2	Теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрамды өндіру	30.20	Теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрамды өндіру
----	---------------------------------	------	---	-------	---

"

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"

35	Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауаны баптау	35.1	Электр энергиясын өндіру, беру және бөлу	35.11	Жылу және ядролық (атом) электр станцияларының электр энергиясын өндіруін қоспағанда, басқа электр энергиясының өндірісі
----	---	------	--	-------	--

";

ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

"Ескертпе:

* 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап ақ қант (СЭҚ ТН коды 170199) кедендік әкелу бажынан босатылмайды;

** 2019 жылғы қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, ауылдық елді мекендерде, шағын қалаларда орналасқан;

*** 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілген, республикалық, облыстық және жергілікті маңызы бар жолдың жол маңындағы жолағында орналасқан;

**** тек темір кені концентратының және (немесе) шекемтастар өндірісіне қатысты
."

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин